

«АДАМНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ»



САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ:

- ▣ **білімділік** – тақырыпқа байланысты жаңа сөздерді меңгерте отырып, олармен сауатты, дұрыс сөйлемдер құрастыра білуге жаттықтыру. Шылауларды басқа сөз таптарынан ажырата білуге үйрету;
- ▣ **дамытушылық** – сұрақтарға дұрыс жауап беру арқылы сөйлеу тілдерін дамыту. Сөз бен сөзді байланыстыра білуге, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін дұрыс қолдана білуге дағдыландыру. Тілдерін, сөйлеу мәдениетін дамыту;
- ▣ **тәрбиелік** – дене мүшелерін, денені таза ұстауға үйрету. Тазалық туралы әңгімелер жүргізе отырып, денсаулықтарын күтуге баулу.



I кезең «Денсаулық – зор байлық»

1. 3 топ берілген тақырыптар бойынша жобаларын қорғайды.
2. Мәтінмен жұмыс.

II кезең «Сөз көркі - мақал»

1. Мақал жарыс.
2. Терме диктанты.

III кезең «Тазалық- саулық негізі»

1. Аударма жұмысы.
2. Грамматикалық тапсырма.

IV кезең «Шынықсаң – шымыр боласың»

1. Суретпен жұмыс.

V кезең «Тапқырлық».

1. «Денсаулық» сөзінен сөз құрастыру.

VI кезең «Бірінші байлық - денсаулық»

«Денсаулықты қалай күту керек?» топтастыру



I кезең «Денсаулық – зор байлық»

- I топ «Адамның дене құрылымы»
- II топ «Ұялы телефон мен компьютердің денсаулыққа зияндығы»
- III топ «Адам денсаулығына ұйқының тигізетін пайдасы»



ЖАҢА СӨЗДЕРДІ МЕНГЕРТУ

- Күту – ухаживать
- Нығайту – укреплять
- Қадағалау – следить
- Бұлшық ет – мускулы
- Сергектік – бодрость
- Кірлеу – грязнеть
- Ауыстыру – менять
- Әсіресе – особенно
- Қатаю - затвердеть



Мәтінді мәнерлеп, түсініп оқу

Әрбір адам денсаулығын қутуі және нығайтуы тиіс. Ол үшін тазалық сақтап, өзінің денесін қадағалауы керек. Адамның терісі кірлейді, сондықтан күнделікті жуынып, киімдерін ауыстыруы қажет. Әсіресе, денсаулық үшін әр түрлі дене жаттығулары өте пайдалы. Спорттық жаттығулар мен ойындар біздің бұлшық еттерімізді қатайтып, бізге серектік сыйлайды.

Аударма жұмысы

Мәтіннен септік жалғаулы сөздерді теріп жаз



II кезең «СӨЗ КӨРКІ - МАҚАЛ»

- Денсаулық тақырыбына мақал-мәтелдер айт:
- Терме диктантын жазу (тақтамен жұмыс)
Көзің ауырмаса да жылына бір рет көз дәрігеріне көрін.

I топ. Қатаң дауыссыз дыбыстар

II топ. Ұяң дауыссыз дыбыстар

III топ. Үнді дауыссыз дыбыстар



III КЕЗЕҢ «ТАЗАЛЫҚ- САУЛЫҚ НЕГІЗІ»

- Үлестірмелі материал түрінде таратып беру, оқушылар оқып аударады
- Осы кеңестерге сұраулық шылауларды қойып айтып көрейік (ма? ме? ба? бе? па? пе?)



IV кезең «Шынықсаң – шымыр боласың»

- Суретпен жұмыс: 3 топ берілген суреттер бойынша мәтін жазады (жүзу, жүгіру, шаңғы тебу).



V КЕЗЕҢ «ТАПҚЫРЛЫҚ»

- «Денсаулық» сөзінен сөз құрастыру.



VI кезең «БІРІНШІ БАЙЛЫҚ - ДЕНСАУЛЫҚ»

□ Топтастыру стратегиясы

